

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК бос лауазым орындары бойынша конкурс жариялайды.

Кәсіпорын атауы	«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
Мекен жайы	Түркістан қаласы, Әмір Темір 53 А
Телефон	8 771 319 2878
Электронды почта	azret-sultan@mail.ru
Құжат қабылдау мерзімі	2025 жылғы 3-7 қараша аралығы
Қажетті құжаттар тізімі	1) конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) жеке куәліктің көшірмесі; 3) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ <i>(өз қолымен толтырылған)</i> 4) Т 2 жеке карточка 5)түйіндеме; 6) еркін нысанда жазылған өмірбаян; 7)<i>Нотариалды куәландырылған көшірмелер:</i> білімі туралы дипломдар (қосымшамен/транскриптпен), ғылыми дәреже беру туралы дипломдар, ғылыми атақ беру туралы аттестаттар; 8) еңбек кітапшасының түпнұсқасы немесе жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату туралы бұйрықтардан үзінді көшірме; 9) жұмысқа рұқсаты бар № 075/у нысанындағы медициналық анықтама 10) 3x4 фото (3 дана) 11) Конкурсқа қатысушы, болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдарды) ұсынады. 12) файл <i>(құжат салуға)</i> <i>e-gov.kz алынатын анықтамалар:</i> 13) наркологиялық ұйымынан анықтама; 14) психоневрологиялық ұйымынан анықтама; 15) туберкулезға қарсы ұйымнан анықтама; 16) соттылығы жоқ туралы анықтама 17) сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар не жоқ екендігі туралы анықтама

Бос лауазым орны	Жөндеу жөніндегі инженері, 1 бірлік С-2 санаты
Лауазымдық міндеттері:	ұйымның жабдықтары және өзге де негізгі қорларын (ғимараттар, сумен жабдықтау, кәріз, ауа өткізгіш жүйелерін және өзге де) түрлі жөндеулердің перспективалық пен ағымдағы жоспарларын (кестелерін), оларды пайдалану мен оларға қызмет көрсетуді жақсарту шараларын жүзеге асырады, бекітілген жоспарлардың (кестелердің) орындалуын бақылайды; жабдықтарды уактылы реттеу мен жөндеуді, ұйымның тиімді жұмысын, жөндеудің прогрессивті технологиясын, жоғары тиімді жөндеу құралдарын, еңбекті қажет ететін процестерді механикаландыруды қамтамасыз ететін кешенді регламенттелген қызмет көрсету жүйесін енгізуге ықпал етеді; жабдықтың техникалық жай-күйін, жөндеу жұмыстарының сапасын тексеруге, сондай-ақ ұйымға жаңадан келіп түскен жабдықты қабылдауға қатысады, қажет болған жағдайларда оны есептен шығаруға немесе өзге ұйымдарға беруге құжаттаманы ресімдейді; жөндеу жұмыстарын дайындауды ұйымдастырады, жабдықты жөндеу үшін, олармен кооперация жағдайында ұйымдастыруды қамтамасыз ету бойынша қосалқы бөлшектерге қажеттілікті анықтайды; жөндеу жұмыстарын жүргізуге және жабдықты сынауға қатысатын ұйым бөлімшелерінің қызметіне, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және оны қадағалау тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады; жабдықтарға қызмет көрсету мен жөндеуді ұйымдастыруды жетілдіруге, жөндеу жұмыстарының көп еңбекті қажетсінуі мен құндылығын төмендетуге, олардың сапасын жақсартуға, негізгі қорларды пайдалану тиімділігін жоғарылатуға (тозуға төзімділігін жоғарылатуға және жабдықтардың тұрып қалуын азайтуға) бағытталған шараларды әзірлейді; өндірістің техникалық дамуын, негізгі қорларды күрделі жөндеу мен жаңғыртуды жоспарлау бойынша жұмыстарға, өндірістік қуаттар және оларды пайдалану балансын құруға қатысады; жабдықтарға профилактикалық қызмет көрсету мен жөндеу бойынша (жөндеу-пайдалану шығындарын, қосалқы бөлшектердің жарамдылық мерзімдерінің нормативтері, ауыстырылатын және тез тозатын бөлшектердің номенклатурасы, майлау материалдарының шығынының мөлшері мен лимиттері) нормативтік материалдарды әзірлейді;
Білуге тиіс:	жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілер, әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдар; ұйымның техникалық даму перспективалары; жабдықтарды жөндеу жұмыстары мен техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру; еңбек заңнамасы, өндірістік санитария, еңбек қауіпсіздік және еңбекті қорғау мен ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.
Біліктілікке қойылатын талаптар:	I санаттағы жөндеу жөніндегі инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және II санаттағы жөндеу инженері лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі; II санаттағы жөндеу жөніндегі инженер: кадрларды даярлаудың тиісті

	бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және санатсыз жөндеу инженері лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі; санатсыз жөндеу жөніндегі инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнайы орта, кәсіптік орта) білім және I санатты техник лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.
Лауазымдық жалақы мөлшері	- 330137 теңгеден бастап, еңбек өтілі мен біліктілігіне қарай есептеледі.

Бос лауазым орны	Баспасөз хатшысы, 1 бірлік С-1 санаты
Лауазымдық міндеттері:	Біліктілік талаптарға сай болуға, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жасауға, мекеме деңгейіндегі өткізілетін конференцияларға, кеңестер, семинарлар және өзге де іс-шаралар жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарына алдын-ала хабарлауға; стеннограммалармен, хаттамалармен, резолюциямен, пресс-релиздермен, өзге де құжаттармен журналистерді қамтамасыз етуге; бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мекеме жайындағы материалдарды жинақтап, тіркеуге; бұқаралық ақпарат құралдарына мұражай тынысынан материалдар жіберіп отыруға; мекеме басылымдарына идеологиялық талдаулар жасап, бағыт-бағдар беріп отыруға; мұражайдың маңызды оқиғаларына байланысты баспасөз конференцияларын ұйымдастырып отыруға; басқа да мұражайлармен ақпараттар алмасып отыруға; интернеттен әлемдегі, елдегі жаңалықтармен таныстырып отыратын белгілі сайттарды күнделікті қарап, қажетті материалдарды алып отыруға; мұражай жаңалықтарын мекеме сайтына орналастыруға ықпал жасауға; мұражай директоры атынан құттықтау, алғыс хаттарын, баяндама мен алғы сөз дайындауға; директор атынан өкілетті органдарға дайындалатын хаттарды жазуға немесе өңдеуге; қызметтік қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, мәліметтердің құпиялылығын сақталуын қамтамасыз етуге; қызмет этикасын сақтауға міндетті.
Біліктілікке қойылатын талаптар	кадрларды даярлаудың бағыты бойынша журналистік кәсіби білімі бар және сала бойынша еңбек өтілі 3 жылдан кем емес тұлға тағайындалады.
Білуі тиіс	- ҚР Конституциясын; «БАҚ туралы» Заңды; мекеме басшыларының өкім, бұйрықтарын, әкімшілік-шаруашылық қызметіне қатысты нормативтік және басшылық құжаттарды; мекеме құрылымын және бөлімдердің дамуының келешегі мен бағытын; құжаттарды толтыру тәртібін; - компьютерде жұмыс істеуді; диктофон, камера, фотоаппарат, сканер, факс және тағы да басқа қызметіне қажетті техникалық құралдармен жұмыс істеу тәртібін; еңбекті ұйымдастыру негіздерін; - Еңбек кодексін; еңбек қатынастары немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін мекеме жайында хабарлар мен материалдар жинау, өңдеу және әзірлеу жөніндегі қызметті

	асыру; осы қызметтік нұсқауды білуі тиіс. Баспасөз хатшысы белгіленген тәртіппен атқаратын қызметіне сәйкестілігі жөнінен аттестаттан өтеді.
Лауазымдық жалақы мөлшері	341410 теңгеден бастап, еңбек өтілі мен біліктілігіне қарай есептеледі.

Бос лауазым орны	Бас ғылыми қызметкер (Ясауи ғылыми зерттеу орталығына), 2 бірлік, В1-1 санаты
Лауазымдық міндеттері:	Іргелі және қолданбалы сипаттағы ең маңызды ғылыми проблемалар, оның ішінде ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша зерттеулердің өткізілуіне ғылыми басқаруды жүзеге асырады, және олардың өткізуінде тікелей қатысады; зерттеулер мен өңдеулердің жаңа бағыттарын құрастырады, жұмыс бағдарламаларын құрастыруды ұйымдастырады, олардың өткізілуінің амал әдістерін анықтайды; ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарын құрастыруға қатысады, оларға тапсырылған тапсырмаларды өзге ұйымдармен бірлесіп орындаған кезде қатысқан қоса орындаушылар қызметін үйлестіреді; ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті, зияткерлік меншігінің нарығын және тиісті инфрақұрылымды дамыту үшін өз зерттеулерінің бағыты шеңберінде әртүрлі тұжырымдамалар, бағдарламалар, заңдар, әлеуметтік-экономикалық реформаның жүйелік-ғылыми негіздерінің жобаларын, өңірлерді дамытудың кешенді бағдарламаларын, нормативтік құқықтық базаларды әзірлеуге қатысады; бірлескен зерттеулерді өткізуде, қосымша қаржыландыруды тарту мақсатында отандық және шетелдік әріптестерді іздестіру бойынша бастамашылықтарды қолдайды, жарыстар мен тендерлерге қатысу үшін жобалық ұсыныстарды әзірлейді; ғылыми-техникалық табыстар мен идеялар нарығында маркетинг зерттеуін өткізеді және жаңа технологиялар мен жобалардың, авторлық және зияткерлік меншік құқығын қорғауға қатысты мәселелерді меңгере және уақытында шеше отырып, мүдделі тұтынушыларға өз идеялары мен табыстарын сату шараларын қабылдайды; алынатын нәтижелерді қорытады, аяқталған зерттеулер мен әзірлемелердің ғылыми-зерттеу сараптамасын өткізеді; ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерінің қолданылу аясын анықтайды және бұл нәтижелердің практикалық іске асуын ғылыми басқаруды қамтамасыз етеді;

	тиісті білім саласында ғылыми кадрлар дайындау мен олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асырады.
Білуі тиіс	кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, ғылым докторының ғылыми дәрежесі, жаңалықтарды ашудағы дипломның және авторлық куәлік қағаздарының немесе ірі ғылыми еңбектердің және іс жүзінде жүзеге асырылған нәтижелердің бар болуы, тиісті білім саласында ғылыми беделі.
Біліктілікке қойылатын талаптар	ғылым және техника бағыттарындағы ғылыми проблемалар; - экономикалық қызмет түрінің даму бағыттары; - жоғары тұрған және өзге органдардың басшылық материалдары; - осы сұрақтар бойынша отандық және шетел жетістіктері; - ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді (бағалау, патенттік ақпараттық қамтамасыз ету, ғылыми техникалық құжаттама шығарылымын) енгізудің және өткізудің жаңа амал әдістері, құралдарын және жоспарлау практикасы; - еңбек заңнамасы, өндірістік санитария, еңбек қауіпсіздік және еңбекті қорғау мен ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптарын білуі тиіс.
Лауазымдық жалақы мөлшері	624350 теңгеден бастап, еңбек өтілі мен біліктілігіне қарай есептеледі.

Бос лауазым орны	Суретші-дизайнер, 1 бірлік, В1-4 санаты
Лауазымдық міндеттері:	көркемдік-дизайндық және көркем безендіру жұмыстарының орындалуын жүзеге асырады, эскиздерді жасайды және экспозициялардың, көрмелердің макеттері жобаларының көркемдік безендірілуі бойынша жұмыстарды орындайды; көрмелік және экспозициялық коллекциялардың көркемдік безендіру жобасын жасауға қатысады.
Білуі тиіс	Конституцияны; Еңбек кодексін; "Мәдениет туралы", "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын; көркемдік-безендіру жұмыстарының орындалу технологиясын, көркемдік-безендіру жұмыстарының отандық және шетелдік озық тәжірибесін.
Біліктілікке қойылатын талаптар	біліктілігі жоғары деңгейлі маман: 1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі; 2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі; 3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі; 4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан

	кейінгі) білім; біліктілігі орта деңгейлі маман: 1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі; 2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі; 3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, арнайы кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі; 4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.
Лауазымдық жалақы мөлшері	253 952 теңгеден бастап, еңбек өтілі мен біліктілігіне қарай есептеледі.

Бос лауазым орны	Есепші, 1 бірлік С-2 санаты
Лауазымдық міндеттері:	Мүліктің, міндеттемелер мен шаруашылық операциялардың бухгалтерлік есебін (негізгі қаражаттың, тауарлы-материалдық құндылықтардың, өндіріс, өнімді сату шығындарының, шаруашылық-қаржылық қызмет нәтижелерінің есебін, өнім берушілермен және тапсырыс берушілермен көрсетілген қызметтер үшін есеп айырысу) жүргізу жөніндегі жұмысты орындайды; - бухгалтерлік есептің тиісті учаскелері бойынша бастапқы құжаттаманы қабылдау мен бақылауды жүзеге асырады және оларды есептік өндеуге дайындайды; - негізгі қаражаттың, тауарлы-материалдық құндылықтардың және ақша қаражатының қозғалысына байланысты операцияларды бухгалтерлік есеп шоттарында көрсетеді; - өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құнына есептік калькуляция жасайды; - бюджетке төленетін салық және міндетті төлемдерді, зейнетақы аударымдары мен салық туралы заңнамаға сәйкес төлемдерді және басқа да міндеттемелерді, күрделі салымдарды, жұмыскерлердің жалақысын қаржыландыруға арналған қаражатты есептеуді және аударуды жүргізеді; - басшыларды, кредиторларды, инвесторларды, аудиторларды есептің тиісті бағыттары (учаскелері) бойынша салыстырмалы және дәйекті бухгалтерлік ақпаратпен қамтамасыз етеді; - шоттардың жұмыс жоспарын (бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарын) әзірлейді; - есеп жүргізудің және бухгалтерлік ақпаратты өндеу технологиясының негізгі тәсілдері мен әдістерінің мазмұнын айқындауға қатысады; - бухгалтерлік құжаттардың сақталуын қадағалайды; - бухгалтерлік ақпарат дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және сақтау жөніндегі жұмыстарды орындайды;
Білуге тиіс:	- Қазақстан Республикасының еңбек және бухгалтерлік есеп саласындағы нормативтік құқықтық актілерін; - мүліктің, міндеттемелер мен шаруашылық операциялардың бухгалтерлік есебін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік материалдарды және есептілік жасауды;

	- ұйымдағы бухгалтерлік есептің нысандары мен әдістерін; - шоттардың жоспары мен хат-хабарын; - бухгалтерлік есеп учаскелері бойынша құжаттаманы ұйымдастыруды; - құжаттамалық ресімдеу және негізгі қаражаттың, тауарлы-материалдық құндылықтар мен ақша қаражатының қозғалысына байланысты операцияларды бухгалтерлік есеп шоттарында көрсету тәртібін; - еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қағидалары мен нормаларын білуі тиіс.
Біліктілікке қойылатын талаптар	кадрларды даярлаудың бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (қаржы-экономикалық білім), жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды немесе кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, белгіленген бағдарлама бойынша арнайы даярлық пен есеп және бақылау бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі;
Лауазымдық жалақы мөлшері	253 952 теңгеден бастап, еңбек өтілі мен біліктілігіне қарай есептеледі.